Псориаздың иммундық жетекшісі ИЛ-23/ИЛ-17 осьінің рөлі

Адам терісі эпителий ұлпасынан және иммундық жасушалардан құралған қуатты тосқауыл болып табылады. Ал кератиноциттер дәл сол қорғаныс тосқауылын құраушы негіз саналады. Олардың сыртқы әсерлерге – жарақаттарға, уыттарға, патогендерге реакциясы – терінің иммундық жүйесіне дабыл қызметін атқарады. Эпидермалды жасушалардың негізгі түрлерін құрай отырып, олар терінің туа біткен иммунитетін белсенді түрде реттейді [25-28]. «Псориаз кезінде иммундық жауапты іске қосатын кератиноциттердің шамадан тыс өніп-өсуі алдымен белсене ме, әлде иммундық жүйенің белсенуі кератиноциттердің бей-берекет өніп-өсуін дамытады ма?» деген сұрақ көп талқыланудан өтті. Нәтижесінде тері зақымданған кезде кератиноциттер бірден эффекторлы Т-лимфоциттерді белсендіретін цитокиндерді бөлетіні анықталды [29].

NF-κB транскрипциялық факторы қабыну дәнекерлерінің, атап айтқанда ИЛ-18, ӨЖФ-α және I типті интерферондардың шамадан тыс өндірілуін тудырады. Т-лимфоциттер көрші кератиноциттердегі хемокиндер мен адгезия молекулаларының көмегімен қан тамыры бойынан теріге өтеді және олар цитокиндердің көмегі арқылы Т-жады жасушаларын белсендіреді. Сонымен қатар аталған иммундық жасушалар қабынуды оқшаулау мақсатында қанның ақ жасушаларының теріге эмиграциясына ықпал ететін түрлі қабынулық цитокиндерді бөлуге қабілетті. Реттеуші Т-лимфоциттерге сигналдың тікелей берілуі арқасында теріде иммуносупрессивті функциялар жүзеге асырылады да, бұл қабынудың шешілуіне ықпал жасайды. Дендритті жасушалар мен кератиноциттердің Т-жасушалармен дерттік өзара әрекеттесуі псориаз кезінде негізгі деп саналатын цитокиндердің шамадан тыс өндірілуіне әкеледі: ИЛ-17, ИФН-γ және ИЛ-23-тің артық босап шығуы салдары-

нан кератиноциттердің гиперпролиферациясы туындайды [30]. Псориаз патогенезіндегі бұл интерлейкиндердің рөлі соңғы кездері трансформирлеуші өсу факторы (ТГФ)-β1 және ИЛ-10, Т-хелпер-17, Т-хелпер-22 және Т-реттеуші жасушалармен қатар қарастырылуда [31].

IL-17/IL-23 осьі көптеген заманауи зерттеулер қорытындысында ауруды тудырушы орталық цитокиндер ретінде көрсетіледі [32]. Дерттің дамуы, әйгіленімдерінің айқындылығы - қабынулық цитокин болып табылатын, ИЛ-17 өндіретін Тхелпер-17 жасушаларымен тығыз байланысты [33; 34]. Т-жасушаларының жаңа субпопуляцияларының ішінде ИЛ-17 цитокинін өндіретін Тхелпер-17 жасушалары терең зерттеліп, ауру патогенезіндегі орталық рөлі айқындалғанға дейін псориаз Тхелпер-1 жауаптың бұзылысымен байланысты ауру деп есептелген. Соңғы зерттеулердің басым көпшілігі псориатикалық тері қатпарларында және буын тінінің жасушаларында ИЛ-17-ге арналған белсенді рецепторлар болатынын анықтады [35]. Осы нәтижеге ұқсас дәлелді мәліметтер, яғни, ИЛ-17 кератиноциттерді хемокиндер, цитокиндер және басқа да қабыну туындататын молекулаларды бөлуге ынталандыратыны, сондай-ақ, туа біткен және бейімделген иммундық жүйені белсендіріп, ұзақ мерзімді тұрақты қабыну үрдісін қолдауды қамтамасыз ететіні көптеген еңбектерде жарияланым тапқан [36]. Тәжірибелік тышқандардың терісіндегі имиквимод көмегімен туындатылған псориазтәрізді дерматит патогенезі ИЛ-17 және ИЛ-23, сондай-ақ белсенді дендрит жасушалары арқылы жүзеге асырылатыны дәлелденген [37].

Имиквимод эпидермисте ИЛ-23 және ИЛ-17-нің синтезінің жоғарылауымен қатар көкбауырда Тхелпер-17 популяциясының санының көбеюіне әкеледі. Имиквимодпен шақырылған тері зақымдануы ішінара Т-жасушаларына байланысты: олар болмаған кезде аурудың ағымы сылбыр өтеді. IL-23 немесе IL-17 рецепторлары мутацияға ұшыраған тышқандарда қабынудың қалыптастпауы аталған сигналдық жолдың псориаз дамуындағы шешуші рөлін нұсқайды [38; 39]. Миелоидты дендритті жасушалар да дерттің туындауында орталық рөлге ие. Миелоидты популяциялар CD11c+ Т-жасушаларды белсендіруге және IFN-γ мен ИЛ-17 өндірісін ынталандыруға қабілетті. Сонымен қатар, аталған жасушалар Тхелпер-17 және Тхелпер-1-дің белсенуі есебінен кератиноциттердің гиперплазиясына ықпал ететін IL-20 дәнекерін өндіреді.

Псориаздың дамуына себеп болатын тағы бір маңызды цитокин – ИЛ-23 [40]. Ол жасуша мембранасындағы IL-23R рецепторымен байланыса отырып, JAK2 және TYK2 **(янус киназа 2** және **тирозин киназа 2)** киназаларын белсендіреді, бұл STAT3 (транскрипцияны белсендіруші және сигналды тасымалдаушы 3) нәруызының фосфорлануына және RORγT (ретиноид қышқылы рецепторымен байланысты γt орфан-рецепторы) транскрипциялық факторының белсенуіне әкеп соғады. Аталған үрдістер Тхелпер-17 жасушасының қалыптасуын, тіршілік етуін және жетілуін қолдайды [41]. ИЛ-23 Тхелпер-17 фенотипінің қалыптасуы үшін ғана емес, сонымен қатар олардың патогендік дәрежесінің қалыптасуы үшін де маңызды. ИЛ-23 кератиноциттердің пролиферациясын күшейту және кератин экспрессиясын жоғарылату арқылы эпидермалды гиперплазияның дамуына да қатысады. ИЛ-17-мен бірге бұл цитокин қабыну аймағына нейтрофилдердің шақырылуын және ИЛ-22, ИЛ-17 өндіретін жасушалардың зақымдану ошағына сіңбеленуін күшейтеді [42]. Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей [43], IL-23-ке жауап беретін жасушалар псориатикалық спондилиттің басталуы мен дамуына да қатысады. Туа біткен иммунитет жасушалары да IL-23R экспрессиялайды және IL-17A өндірісін ынталандыруға қабілетті саналады. CD4+ және CD8+ Т-жасушалары байламдар мен сіңірлердің сүйекке бекіген тұстарында табылған, алайда, оларды қоздырған кезде TNF-α және ИЛ-17A өндіретіні анықталғанымен, бұл жасушаларда ИЛ-17-нің өндірілуі ИЛ-23-ке тәуелді емес екені белгілі болды. Олардың адамдарда спондилит дамуындағы рөлі әлі белгісіз болып қалуда.

Псориаз патогенезіндегі ИЛ-36 дәнекерінің рөлі жайындағы заманауи түсініктер

Терінің иммуногенді қабыну ауруы - псориаз кезінде Тхелпер-17, Тхелпер-1 және Тхелпер-22 жасушалары орталық маңызға ие екені жайында жоғарыда баяндаған едік. Одан бөлек қабыну дәнекері болып санала-

тын ИЛ-36-ның псориаз патогенезіндегі орны соңғы кездері жиі зерттелім табады. Ол ИЛ-1 тұқымдасы өкіліне жатады. Қабынулық цитокин ретінде туа біткен және жүре пайда болған иммундық жүйені реттей отырып, эпидермис пен иммундық жүйенің өзара әрекеттесуіне алғышарт болады. Т-жасушалар, кератиноциттер, моноциттер және терінің басқа жасушалары да аталған қабыну дәнекерін экспрессиялауға қабілетті [44; 45]. Өндірілгеннен кейін ол кератиноциттерге де, иммундық жасушаларға да әсер етіп, антигеннің таныстырылуын ынталандырып, терінің қабынуын күшейтеді. Нәтижесінде эпидермистің гиперпролиферациясы және кератиноциттердің нақтылануының бұзылысы, цитокиндер мен хемокиндердің жергілікті өндірілуінің күшеюі орын табады. ИЛ-36 Т-жасушаларына әсер ете отырып, өздігінен күшейетін қабыну циклін тудыру арқылы қабынуды қолдайды. Олар нейтрофилдер мен Тхелпер-17-ні белсендіріп, кератиноциттерде күшті қабынулық жауаптың орын алуына себеп болады. Одан бөлек, ИЛ-36 эпидермистің мүйіздену бағдарламасын бұзады және патологиялық ангиогенезге, сондай-ақ эндотелий жасушаларының дерттік белсенуіне ықпал етеді.

ИЛ-36 тұқымдасына агонистер (ИЛ-36α, ИЛ -36β, ИЛ -36γ) және антагонистер (ИЛ -36Ra және ИЛ-38) кіреді. Псориатикалық эпидермисте ИЛ-36 экспрессиясының жоғарылауы ӨЖФ-α және ИЛ-17-нің әсерімен байланыстырылады [46]. CXCL8, IL23A, DEFB4 және LCN2 сияқты ИЛ-17-нің деңгейіне жауапты гендердің белсенуі нәтижесінде IL-17 кератиноциттерді IL-36γ өндірісіне ынталандырады [47].

Псориаз кезінде тамырлардың кеңеюі, адгезия молекулаларының экспрессиясының жоғарылауы мен эндотелий жасушаларының белсенуі байқалады. Кератиноциттер ИЛ-36γ, ал Тхелпер-17 жасушасы ИЛ-17А өндіреді. Бұл цитокиндер біріге отырып эндотелий жасушаларының өніп-өсуін ынталандырады және қабыну реакциясын күшейтеді. ИЛ-36γ ИЛ-17А және ӨЖФ-α әсерін күшейте отырып, қабынуды да, ангиогенезді де қолдайды. ИЛ-17А-ның бөгелуі ИЛ-36γ және VEGF-A (қан тамырлары эндотелийінің өсу факторы А) деңгейін төмендететіні олардың псориаз кезінде кератиноциттер мен эндотелий жасушаларының өзара әрекеттесуіндегі негізгі рөлін растайды [48; 49]. Белсенді емес ИЛ-36 катепсин G, эластаза және протеиназа-3 сияқты нейтрофилдердің ферменттері көмегімен белсенді түрге айналады. Белсендірілген ИЛ-36β псориатикалық қабыну ортасын қалыптастыра отырып, ӨЖФ, Тхелпер-17 цитокиндері мен хемокиндердің экспрессиясын арттырады. Ол пустулалардың пайда болуына ықпал ететін гранулоциттердің адгезиясы мен диапедезін күшейтеді [50].

IL-36 IL-36R (IL-1R6) рецепторымен байланысып, NF-κB және MAPK (κB ядролық факторы және митогенмен белсендірілетін протеин киназа) сигналдық жолдарын белсендіру арқылы псориаз патогенезіне қатысады. Нәтижесінде қабынулық цитокиндердің өндірілуі артады. IL-36Ra антагонисі бұл сигналды бұғаттай алады және нәтижесінде қабынуды төмендетеді. IL-36-ның барлық түрлерінің массасы шамамен 18 кДа құрайды және барлық түрлері бір рецептормен байланысады. IL-36 дендритті жасушалардың жетілуі және Тхелпер-1 жасушаларының нақтылануы үшін маңызды цитокин есептелетін IL-12 секрециясын ынталандырады. Ол сондай-ақ, жүйелі қызыл жегі, ішектің қабыну аурулары, Крон ауруы және псориатикалық артриттің дамуында орталық маңызға ие. Трансгенді тышқандардың кератиноциттерінде IL-36 экспрессиясының жоғарылауы терінің айқын псориаз-тәрізді зақымдануын тудырады. Себебі бұндай жағдайда IL-36, IL-6, IL-8, ӨЖФ және хемокиндердің өндірілуін күшейтеді. Осылайша, IL-36 тері қабынуының негізгі медиаторы және псориаздың дамуының маңызды факторының бірі болып табылады.

IL-36 терінің псориатикалық қабыну ошақтарында нейтрофилдерді тұрақты сақтап тұруға көмектеседі [51]. Псориаздың пустулалық түрінде нейтрофилдер маңызды жасушалардың бірі саналады. Мұндай жағдайда қабыну қарқыны ерекше жоғары өтеді. Созылмалы кезеңнің соңғы сатысында Т-жасушалық сіңбеде цитокиндік орта құралады. Бұл өз кезегінде кератиноциттерді ИЛ-36-ны өндіруге ынталандырады. Fischer мен әріптестерінің жүргізген зерттеулері IL-36R рецепторының бұғатталуы IL-17A экспрессиясы жоғары трансгендік тышқандарда имиквимод қолдану псориаз-тәрізді тері қабынуын шақырмайтынын анықтауы аталған цитокиннің

ауру патогенезіндегі маңызын көрсетеді [52]. Псориазбен зақымдалған теріде ИЛ-36 деңгейі ИЛ-17 және ИЛ-23-тен жоғары болады. Ал сау теріде мұндай өзгеріс орын алмайды. ИЛ-36 сигналдық жолын бұғаттау бойынша жүргізілген тәжірибеде терінің зақымдалған аймақтарында нейтрофилдер, моноциттер, Т-лимфоциттер мен дендритті жасушалар санының төмендеуі байқалған және қабыну инфильтрациясының айтарлықтай азаюы тіркелген. Ал ИЛ-36 (ИЛ -36R$^{-/-}$) рецепторларының антагонисті тапшы тышқандарда қабыну жауабының күшеюі және зақымданудың ауырлығы айтарлықтай артқан. Керісінше ИЛ-36R гені бұғатталған жануарлар имиквимод тудырған псориаз-тәрізді қабынудың дамуына айқын төзімділік көрсеткен [53]. Бұл деректер ИЛ-36-ның терідегі қабыну процесін ұстап тұруда негізгі рөл атқаратынын растайды.

Осылайша, ИЛ-36 тері жасушалары мен иммундық жүйе арасындағы қарым-қатынаста маңызды рөл атқаратындығы дәлелденді. Ол нейтрофилдер мен дендрит жасушалары сияқты туа біткен иммундық жасушалардың бейімделген иммунитет жасушаларымен өзара әрекеттесуіне қатысады. Терідегі ИЛ-36-ның негізгі көзі кератиноциттер болып табылуы, оған туа біткен және бейімделген иммунитеттің жауаптарын үйлестіруді мүмкін етеді [54].

Антисенс-олигонуклеотидтер псориаздың патогенездік түзетуінің инновациялық құралы ретінде

Эксперименттік псориазды лабораториялық жануарларда үлгілеу қабынудың молекулалық механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Алынған деректер қазіргі заманғы тиімділігі жоғары терапиялық әдістерді әзірлеуге негіз болады. Соңғы жылдары емдеудің жаңа тәсілдерін іздестіру белсенді даму үстінде. Жаңа әдістерге деген мұндай қызығушылық псориаз кезінде терінің айқын морфофункционалды өзгерістерге ұшырауына және емдеу схемаларының тиімсіздігіне байланысты болуы мүмкін. Дәстүрлі емдеу схемасында қабыну үрдісінің арнайы нысаналарына бағытталған моноклонды антиденелердің болуына қарамастан, оның жиі жанама әсерлермен асқынуы себебінен емдеудің инновациялық жолдарын іздестіру өзектілік табуда. Бұл тәсілдерге антисенс-олигонуклеотидтері мен РНҚ-интерференцияны қосатын гендік терапия жатады [55; 56].

Антисенс-олигонуклеотидтер нуклеин қышқылдарының қысқа тізбектерінен тұратын синтетикалық молекулалар болып табылады. Олар көзделген мРНҚ-мен комплементарлы байланысады және нәтижесінде мРНҚ трансляциясы бұғатталады, сәйкесінше нәруыз синтезі азаяды. Демек, аталған механизм дерттік үрдістерге қатысатын гендердің экспрессиясын таңдамалы түрде басуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта антисенс-олигонуклеотидтер иммундық ауруларды емдеу үшін белсенді түрде зерттелуде. Солардың ішінде псориаз дерті де қалыс қалмайды. Yanxia және оның әріптестері псориатикалық ошақтарда ИЛ-23 және ИЛ-1β цитокиндері IRF4 транскрипциялық факторын белсендіретінін көрсетті [57]. Оның деңгейінің жоғарылауы EP300 коактиваторымен өзара әрекеттесуді күшейтеді. Нәтижесінде RORγt рецепторын кодтайтын RORC гені белсендіріледі. Бұл ИЛ-17А өндірілуін ынталандырады. Осылайша ИЛ-1β/ИЛ-23-IRF4-EP300-RORγt-IL-17A сигналдық каскады қалыптасады. Ол псориаз кезінде қабыну процесін сақтайтын қызмет атқарады. Псориаз туындатылған тышқандардағы тәжірибеде антисенс-олигонуклеотидтердің көмегімен IRF4 экспрессиясын бұғаттау теріде Тхелпер-17 жасушаларының өндірілуін азайтқан. Сонымен қатар, IRF4 (IRF4$^{-/-}$) генетикалық тежелуі бар жануарларда имиквимод арқылы туындатылған псориаз-тәрізді дерматиттің ауырлығы айтарлықтай төмендеген. Бұл деректер бағытталған генетикалық араласу псориазды емдеудің перспективті стратегиясы болып табылатынын тағы да растайды.

Басқа зерттеушілердің мәліметтері бойынша, PacDNA наноконъюгаттарын қолдану псориатикалық зақымданулардың регрессиясына ықпал етеді. Бұл олардың псориаз кезіндегі қабыну каскадының негізгі элементі болып табылатын IL-17RA рецепторының экспрессиясын төмендету қабілетіне байланысты деп жорамалданады. Жүйелі енгізуден кейін наноконъюгаттар терінің эпидермисінде, дермасында және гиподермасында жиналып, мақсатты әсерін жүзеге асырады. PacDNA наноконъюгаттары антисенс-олигонуклеотид пен полимерлік матрицаның гибридтері болып табылады. Олар IL-17RA-ны селективті бұғаттау

үшін арнайы жасалған. Осылайша, PacDNA қолдану терідегі қабынуды өзгертуге және псориатикалық зақымданулардың ауырлығын азайтуға мүмкіндік береді [58].

Антисенс-олигонуклеотидтерді трансдермалды қолданғанда қабыну жасушаларының сіңбеленуінің азаюы байқалған. Бұл терінің зақымдалған аймағын азайтуға мүмкіндік берген және эпидермистің қалыңдығын қалыпқа келтірген. Кератиноциттердің шамадан тыс өніп-өсуі де терапия әсерінен төмендеген. Ғалымдардың жүргізген тәжірибесінде антисенс-олигонуклеотидтері инсулин тәрізді өсу факторының (IGF-IR) рецепторына және ICAM-1 жасушааралық адгезия молекуласына бағытталған және нәтижесінде жоғарыда келтірген өзгерістерге қол жеткізілген. Осылайша, осы олигонуклеотидтерді трансдермалды қолдану псориазға қатысатын негізгі жасушалық процестерді тиімді реттейтіні дәлелденген [59; 60].

TYK2 тирозинкиназасына бағытталған олигонуклеотидтер оның мРНҚ экспрессиясын және TYK2 нәруызы синтезін тежейді. Бұл интерферон альфа (IFN-α) және IL-12 сигналдық жолдарының тежелуіне әкеледі. Аталған механизм аутоиммундық аурулардың дамуындағы TYK2 маңыздылығын көрсетеді [61]. Тері баръері арқылы тиімді енуді липосомалық құрылымдарды қоса есептегенде, заманауи нанотехнологиялық жеткізу жүйелері де қамтамассыз ете алады. Псориазды қоса алғанда, терінің басқа да созылмалы қабыну ауруларын ұзақ уақыт бойы басқару осы тәсілдің арқасында мүмкін болады. Ол антисенс-олигонуклеотидтердің селективтілігін және емдік тиімділігін арттырады [62].

Талқылау

Антисенс-терапиясын жан-жақты зерттеуді талап ететін үмітті бағыттың бірі ретінде қарастыруға болады, өйткені оның қауіпсіздігі мен тиімділігі жайында клиникалық мәліметтердің саны шектеулі. Демек, қосымша тереңдетілген зерттеулердің және клиникаға дейінгі зерттеуден клиникалық тексеру жағдайына дейінгі сынақтардың қажеттілігін көрсетеді.

Эксперименттік зерттеулердің нәтижелерінің жеткілікті болуына қарамастан, олигонуклеотидтердің тұрақтылығы мен әсер ету ұзақтығы төңірегіндегі мәселелер шешілмеген күйінде қалып отыр. Аталған олигонуклеотидтерді қабыну ошағына жеткізуді оңтайландыру әрекеттері қазірдің өзінде жасалуда, бірақ дәлелді ақпараттық қор әлі жеткіліксіз [63]. Бұл әсіресе псориаз мәтінінде тиімділігін көрсеткен, бірақ әлі клиникалық расталмаған жаңа наноконъюгаттарға қатысты. Тышқанның псориаз модельдерінде монометил фумаратын алюминий иондарымен бірге енгізу Nrf2/NF-κB сигнал беру жолдарын модуляциялайтыны анықталған. Бұл антиоксидантты гендердің экспрессиясын арттырып, кейіннен Th1 цитокиндерінің және хемотаксистің төмендеуіне әкеледі [64]. Тіпті ғалымдар M1 макрофагтарының поляризациясын тежеу және керісінше, M2 макрофагтарын ынталандыру арқылы қабынуға қарсы әсерге қол жеткізіп жатыр [65]. Псориазды емдеудегі көптеген мәселелер дәрілік заттардың биожетімділігінің шектеулілігінен туындайды. Бұл мәселені шешуде ғалымдар полимерлі нанобөлшектерді [66; 67], дәрілік заттарды мақсатты жеткізу жүйелерін [68] және т.б. пайдаланады.

Псориаз жағдайында IL-36-ның рөлі ерекше назар аударуға тұрарлық. Оны бұғаттау айқын физиологиялық бұзылыстарды тудындатпаса да, псориаз мәтінінде берілген цитокинге қарсы бағытталған антисенс-олигонуклеотидтер әлі зерттелмеген, қолданылмаған.

Сонымен қатар, заманауи зерттеулер нәтижесі антисенс-олигонуклеотидтердің қабыну үрдісіне байланысты негізгі ақуыздардың синтезін таңдамалы түрде басуға қабілетті екенін көрсетеді. Олардың тиімділігінің бірқатар дерматологиялық үлгілерде расталуы, бұл әдістің мүмкіндігінің зор екенін көрсетеді [69; 70].

Псориаз патогенезі туралы заманауи түсініктерді талдау IL-23/IL-17 және IL-36 осьтерінің орталық рөлін тағы бір рет көрсетеді. Аталған цитокиндердің экспрессиясының жоғарылауы аурудың ауырлығымен тікелей байланысты. Бұл оларды жаңа терапевтік стратегиялар үшін назар аудартатын нысанаға айналдырады. Ұсынылған деректердің жиынтығы антисенс-терапияны одан әрі дамытудың және осы саладағы зерттеу бағдарламаларын кеңейтудің орындылығын растайды.

Қорытынды

Псориаз – дамуында бір мезетте бірнеше тетіктердің қатысуын талап ететін дертке жатады. Аурудың ағымына тұқымқуалаушылық, иммундық бақылаудың дерттік бұзылуы және терінің қорғаныс қасиеттерінің әлсіреуі әсер етеді. Сондай-ақ, қабынуды қолдайтын IL-23/IL-17 және IL-36 цитокиндерімен байланысты сигналдық жолдардың белсенділігі дерттің үдеуі үшін қосымша үлес қосады.

Заманауи биологиялық дәрілік заттардың болуына қарамастан, аурудың негізінде жатқан маңызды үрдістерге әсер ететін әдістерге сұраныс сақталып отыр. Демек, дәлірек және мақсатты емдеу қажеттілігі жоғары болып қала береді. Осыған байланысты антисенс-олигонуклеотидтер мРНҚ сатысында-ақ гендердің жұмысына тікелей әсер етудің мүмкін құралы ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл қабыну үрдісіне қатысатын нәруыздардың түзілуін азайтуға мүмкіндік береді. Осының арқасында әдіс псориаз терапиясының жаңа нұсқаларына негіз бола алады.

Дереккөздер тізімі

1. Lin S., Wang C., Huang T., Chen P. , Huang Z. Global and regional trends in psoriasis burden (1990-2021): age patterns and socio-demographic associations // BMC Public Health. – 2025. – Vol. 26. – Article No. 108. – DOI: https://doi.org/10.1186/s12889-025-25758-7.
2. Armstrong A., Blauvelt A., Callis D.K., Huang Y., Savage L., Guo L., Merola J. Psoriasis // Nature Reviews Disease Primers. – 2025. – Vol. 11. – Article No. 45. – DOI: https://doi.org/10.1038/s41572-025-00630-5.
3. Bartosińska J., Szepietowski J, Raczkiewicz D., Griffiths C., Ashcroft D., Wright A, Podwjcic K., Turcza J., Maluchnik M., Chłoń-Domińczak A., Krasowska D. Epidemiology of psoriasis in Poland: prevalence, incidence, and mortality rates // International Journal of Dermatology. – 2025. – Vol. 64. – P. 1599-1606. – DOI: https://doi.org/10.1111/ijd.17848.
4. Parisi R., Iskandar I. Y. K., Kontopantelis E. et al. National, regional, and worldwide epidemiology of psoriasis: systematic analysis and modelling study // BMJ. – 2020. – Vol. 369. – Article No. m1590. – DOI: https://doi.org/10.1136/bmj.m1590.
5. Hepat A., Chakole S., Rannaware A. Psychological well-being of adult psoriasis patients: a narrative review // Cureus. – 2023. – Vol. 15(4). – Article No. e37702. – DOI: https://doi.org/10.7759/cureus.37702.
6. National Psoriasis Foundation. Psoriasis statistics [Электронды ресурс]. – Access mode: https://www.psoriasis.org/psoriasis-statistics// (қаралған күні: 21.12.2023).
7. Takeshita J., Gelfand J. M., Li P., Pinto L., Yu X., Rao P., Viswanathan H. N., Doshi J. A. Psoriasis in the US Medicare population: prevalence, treatment, and factors associated with biologic use // Journal of Investigative Dermatology. – 2015. – Vol. 135. – P. 2955-2963. – DOI: https://doi.org/10.1038/jid.2015.296.
8. Dairov A., Issabekova A., Sekenova A., Shakhatbayev M., Ogay V. Prevalence, incidence, gender and age distribution, and economic burden of psoriasis worldwide and in Kazakhstan // Journal of Clinical Medicine of Kazakhstan. – 2024. – Vol. 21(2). – P. 18-30. – DOI: https://doi.org/10.23950/jcmk/14497.
9. Kumar P., Thomas J., Dineshkumar D. Histology of psoriatic erythroderma in infants: analytical study of eight cases // Indian Journal of Dermatology. – 2015. – Vol. 60 (2). – P. 213. – DOI: https://doi.org/10.4103/0019-5154.152575.
10. Soo M., Alexandra B. Psoriasis // Medicine. – 2025. – Vol. 53. – P. 441-448. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.mpmed.2025.04.019.
11. Sarac G., Koca T., Baglan T. A brief summary of clinical types of psoriasis // Northern Clinics of Istanbul. – 2016. – Vol. 3(1). – P. 79-82. – DOI: https://doi.org/10.14744/nci.2016.16023.
12. Uitto J., Saeidian A.H., Youssefian L., Vahidnezhad H. Interpretation of genomic sequence variants in heritable skin diseases: A primer for clinicians // J Am Acad Dermatol. – 2023. – Vol. 89(3). – P. 569-576. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.jaad.2021.06.013.
13. Gianfredi V., Casu G., Bricchi L., Kacerik E., Rongioletti F., Signorelli C. Epidemiology of psoriasis in Italy: burden, cost, comorbidities and patients' satisfaction. A systematic review // Acta Biomedica. – 2022. – Vol. 93. – Article No. e2022332. – DOI: https://doi.org/10.23750/abm.v93i6.13177
14. Cao L., Lu L., Yu Y., Zhou H., Lin B. Clinical characteristics of patients with a family history of psoriasis: an observational epidemiological study in the Chinese Han population // Front. Med. – 2024. – Vol. 11. – Article No. 1455953. – DOI: https://

doi.org/10.3389/fmed.2024.1455953.
15. Griffiths C., Armstrong A., Gudjonsson J., Barker J. Psoriasis // The Lancet. – 2021. – Vol. 397(10281). – P. 1301-1315. – DOI: https://doi.org/10.1016/S0140-6736(20)32549-6.
16. Akiyama M. Autoinflammatory keratinization diseases (AiKDs): expansion of disorders to be included // Frontiers in Immunology. – 2020. – Vol. 11. – P. 280. – DOI: https://doi.org/10.3389/fimmu.2020.00280.
17. Yu S., Long F., Yan H., Xu Y., Li J., Hao Z. Identification of mitophagy-related biomarkers with immune cell infiltration in psoriasis // BMC Medical Genomics. – 2025. – Vol. 18. – Article No. 110. – DOI: https://doi.org/10.1186/s12920-025-02176-7.
18. Bellinato F., Gisondi P., Girolomoni G. Risk of lymphohematologic malignancies in patients with chronic plaque psoriasis: a systematic review with meta-analysis // Journal of the American Academy of Dermatology. – 2022. – Vol. 86(1). – P. 86-96. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.jaad.2021.07.050.
19. Greenberg R., Goldsmith T., Zeltser D. et al. Comorbidities in patients with palmoplantar plaque psoriasis // Journal of the American Academy of Dermatology. – 2021. – Vol. 84(3). – P. 639-643. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.jaad.2020.03.112.
20. Lysen T., Crombag E., Lennaerts L., Makady A., Bruin R., Mulder K., de Jong E., van Ballegooijen H. Real world insights for psoriasis: the association of severity of skin lesions with work productivity, medical consumption costs and quality of life // J Dermatolog Treat. – 2024. – Vol. 35. – Article No. 2332615. – DOI: https://doi.org/10.1080/09546634.2024.2332615.
21. Florek A., Wang C., Armstrong A. Treatment preferences and treatment satisfaction among psoriasis patients: a systematic review // Arch Dermatol Res. – 2018. – Vol. 310(4). – P. 271-319. – DOI: https://doi.org/10.1007/s00403-018-1808-x.
22. Lee H., Kim M. Challenges and future trends in the treatment of psoriasis // International Journal of Molecular Sciences. – 2023. – Vol. 24(17). – Article No. 13313. – DOI: https://doi.org/10.3390/ijms241713313.
23. Gao Y., Xu T., Wang Y., Hu Y., Yin S., Qin Z., Yu H. Pathophysiology and Treatment of Psoriasis: From Clinical Practice to Basic Research // Pharmaceutics. –2025. – Vol. 17(1). – Article No. 56. – DOI: https://doi.org/10.3390/pharmaceutics17010056
24. Laikova K., Oberemok V., Krasnodubets A., Gal'chinsky N., Useinov R., Novikov I., Temirova Z., Gorlov M., Shved N., Kumeiko V., et al. Advances in the understanding of skin cancer: ultraviolet radiation, mutations, and antisense oligonucleotides as anticancer drugs // Molecules. – 2019. – Vol. 24(8). – Article No. 1516. – DOI: https://doi.org/10.3390/molecules24081516.
25. Kamata M., Tada Y. Crosstalk: keratinocytes and immune cells in psoriasis // Front. Immunol. – 2023. – Vol. 14. – Article No. 1286344. – DOI: https://doi.org/10.3389/fimmu.2023.1286344.
26. Bitschar K., Wolz C., Krismer B., Peschel A., Schittek B. Keratinocytes as sensors and central players in the immune defense against Staphylococcus aureus in the skin // Journal of Dermatological Science. – 2017. – Vol. 87(3). – P. 215-220. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.jdermsci.2017.06.003.
27. Nguyen A., Soulika A. The dynamics of the skin's immune system // International Journal of Molecular Sciences. – 2019. – Vol. 20(8). – Article No. 1811. – DOI: https://doi.org/10.3390/ijms20081811.
28. Kabashima K., Honda T., Ginhoux F., Egawa G. The immunological anatomy of the skin // Nature Reviews Immunology. – 2019. – Vol. 19(1). – P. 19-30. – DOI: https://doi.org/10.1038/s41577-018-0084-5.
29. Klicznik M., Szenes-Nagy A., Campbell D., Gratz I. Taking the lead – how keratinocytes orchestrate skin T cell immunity // Immunology Letters. – 2018. – Vol. 200. – P. 43-51. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.imlet.2018.06.009.
30. Sieminska I., Pieniawska M., Grzywa T. The immunology of psoriasis: current concepts in pathogenesis // Clinical Reviews in Allergy & Immunology. – 2024. – Vol. 66(2). – P. 164-191. – DOI: https://doi.org/10.1007/s12016-024-08991-7.
31. Georgescu S., Tampa M., Caruntu C., Sarbu M., Mitran C., Mitran M., Matei C., Constantin C., Neagu M. Advances in understanding the immunological pathways in psoriasis // International Journal of Molecular Sciences. – 2019. – Vol. 20(3). – Article No. 739. – DOI: https://doi.org/10.3390/ijms20030739.
32. Polese B., Zhang H., Thurairajah B., King I. Innate lymphocytes in psoriasis // Frontiers in Immunology. – 2020. – Vol. 11. – Article No. 242. – DOI: https://doi.org/10.3389/fimmu.2020.00242.
33. Vecellio M., Hake V., Davidson C., Carena M.,

Wordsworth B.P., Selmi C. The IL-17/IL-23 axis and its genetic contribution to psoriatic arthritis // Frontiers in Immunology. – 2021. – Vol. 11. – Article No. 596086. – DOI: https://doi.org/10.3389/fimmu.2020.596086.
34. Wang L., Liu R., Tang Y., Ma Y., Wang G., Ruan Q., Zheng S. J. Advances in psoriasis research: decoding immune circuits and developing novel therapies // Int. J. Mol. Sci. – 2025. – Vol. 26. – Article No. 9233. – DOI: https://doi.org/10.3390/ijms26189233.
35. Mitra A., Raychaudhuri S., Raychaudhuri S. IL-17 and IL-17R: an auspicious therapeutic target for psoriatic disease // Actas Dermo-Sifiliográficas. – 2014. – Vol. 105. – P. 21-33. – DOI: https://doi.org/10.1016/S0001-7310(14)70015-8.
36. Lynde C., Poulin Y., Vender R., Bourcier M., Khalil S. Interleukin 17A: toward a new understanding of psoriasis pathogenesis // Journal of the American Academy of Dermatology. – 2014. – Vol. 71(1). – P. 141-150. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.jaad.2013.12.036.
37. Lowes M., Suárez-Fariñas M., Krueger J. Immunology of psoriasis // Annual Review of Immunology. – 2014. – Vol. 32. – P. 227-255. – DOI: https://doi.org/10.1146/annurev-immunol-032713-120225.
38. Jin B., Zhang Y., Miller H., He L., Ge D., Wang A., You Z. Defect of IL17 signaling, but not Centrinone, inhibits the development of psoriasis and skin papilloma in mouse models // Biomedicines. – 2022. – Vol. 10. – Article No. 1976. – DOI: https://doi.org/10.3390/biomedicines10081976.
39. Kim J., Lee J., Lee J., Kim K., Li X., Zhou W., Cao J., Krueger J. Psoriasis harbors multiple pathogenic type 17 T-cell subsets: selective modulation by risankizumab // Journal of Allergy and Clinical Immunology. – 2025. – Vol. 155(6). – P. 1898-1912. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.jaci.2025.02.008.
40. Teruo S., Masahiro K., Saki F., Kotaro H., Atsuko F., Takamitsu T., Takeko I., Takamitsu O., Yayoi T. Anti-IL-17A and IL-23p19 antibodies but not anti-TNFα antibody induce expansion of regulatory T cells and restoration of their suppressive function in imiquimod-induced psoriasiform dermatitis // Journal of Dermatological Science. – 2019. – Vol. 95. – P. 90-98. DOI: https://doi.org/10.1016/j.jdermsci.2019.07.006
41. Eberle F., Brück J., Holstein J., Hirahara K., Ghoreschi K. Recent advances in understanding psoriasis // F1000Research. – 2016. – Vol. 5. – Article No. 770. – DOI: https://doi.org/10.12688/f1000research.7927.1.
42. Gaffen S., Jain R., Garg A., Cua D. The IL-23–IL-17 immune axis: from mechanisms to therapeutic testing // Nature Reviews Immunology. – 2014. – Vol. 14(9). – P. 585–600. – DOI: https://doi.org/10.1038/nri3707.
43. Mandour M., Chen S., van de Sande M. The role of the IL-23/IL-17 axis in disease initiation in spondyloarthritis: lessons learned from animal models // Frontiers in Immunology. – 2021. – Vol. 12. – Article No. 618581. – DOI: https://doi.org/10.3389/fimmu.2021.618581.
44. Catapano M., Vergnano M., Romano M., Mahil S., Choon S., Burden A., Young H., Carr I., Lachmann H., Lombardi G., Smith C., Ciccarelli F., Barker J., Capon F. IL-36 promotes systemic IFN-I responses in severe forms of psoriasis // Journal of Investigative Dermatology. – 2020. – Vol. 140(4). – P. 816-826.e3. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.jid.2019.08.444.
45. Sugiura K., Fujita H., Komine M., Yamanaka K., Akiyama M. The role of interleukin-36 in health and disease states // Journal of the European Academy of Dermatology and Venereology. – 2024. – Vol. 38(10). – P. 1910-1925. – DOI: https://doi.org/10.1111/jdv.19935.
46. Madonna S., Girolomoni G., Dinarello C. A., Albanesi C. The significance of IL-36 hyperactivation and IL-36R targeting in psoriasis // International Journal of Molecular Sciences. – 2019. – Vol. 20(13). – Article No. 3318. – DOI: https://doi.org/10.3390/ijms20133318.
47. Müller A., Hennig A., Lorscheid S., Grondona P., Schulze-Osthoff K., Hailfinger S., Kramer D. IκBζ is a key transcriptional regulator of IL-36-driven psoriasis-related gene expression in keratinocytes // Proceedings of the National Academy of Sciences of the USA. – 2018. – Vol. 115(40). – P. 10088-10093. – DOI: https://doi.org/10.1073/pnas.1801377115.
48. Mercurio L., Failla C., Capriotti L., Scarponi C., Facchiano F., Morelli M., Rossi S., Pagnanelli G., Albanesi C., Cavani A., Madonna S. Interleukin (IL)-17/IL-36 axis participates in the crosstalk between endothelial cells and keratinocytes during inflammatory skin responses // PLoS One. – 2020. – Vol. 15(4). – Article No. e0222969. – DOI: https://doi.org/10.1371/journal.pone.0222969

49. Mahil S., Catapano M., Di Meglio P., Dand N., Ahlfors H., Carr I., Smith C., Trembath R., Peakman M., Wright J., Ciccarelli F., Barker J., Capon F. An analysis of IL-36 signature genes and individuals with IL1RL2 knockout mutations validates IL-36 as a psoriasis therapeutic target // Sci Transl Med. – 2017. – Vol. 9. – Article No. 411:eaan2514. – DOI: https://doi.org/10.1126/scitranslmed.aan2514.
50. Blicharz L., Czuwara J., Rudnicka L., Torrelo A. Autoinflammatory keratinization diseases: the concept, pathophysiology, and clinical implications // Clinical Reviews in Allergy and Immunology. – 2023. – Vol. 65(3). – P. 377-402. – DOI: https://doi.org/10.1007/s12016-023-08971-3.
51. Sachen K., Arnold Greving C., Towne J. Role of IL-36 cytokines in psoriasis and other inflammatory skin conditions // Cytokine. – 2022. – Vol. 156. – Article No. 155897. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.cyto.2022.155897.
52. Fischer B., Kübelbeck T., Kolb A., et al. IL-17A-driven psoriasis is critically dependent on IL-36 signaling // Frontiers in Immunology. – 2023. – Vol. 14. – Article No. 1256133. – DOI: https://doi.org/10.3389/fimmu.2023.1256133.
53. Yuriko H., Rikio Y., Soo-Hyun C., Masanori A., Kaori Y., Kenzo M., Sachiko K., Shinobu S., Yuumi N., Hiroyuki M., Yoichiro I. IL-36α from Skin-Resident Cells Plays an Important Role in the Pathogenesis of Imiquimod-Induced Psoriasiform Dermatitis by Forming a Local Autoamplification Loop // The Journal of Immunology. – 2018. – Vol. 201. P. 167-182. – DOI: https://doi.org/10.4049/jimmunol.1701157
54. Ahmad F., Alam M., Ansari A. W., et al. Emerging role of the IL-36/IL-36R axis in multiple inflammatory skin diseases // Journal of Investigative Dermatology. – 2024. – Vol. 144(2). – P. 206-224. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.jid.2023.11.004.
55. Schön M., Erpenbeck L. The interleukin-23/interleukin-17 axis links adaptive and innate immunity in psoriasis // Frontiers in Immunology. – 2018. – Vol. 9. – Article No. 1323. – DOI: https://doi.org/10.3389/fimmu.2018.01323.
56. Lin Z., Hung C., Aljuffali I., Lin M., Fang J. RNA-based antipsoriatic gene therapy: an updated review focusing on evidence from animal models // Drug Design, Development and Therapy. – 2024. – Vol. 18. – P. 1277-1296. – DOI: https://doi.org/10.2147/DDDT.S447780.
57. Yu Y., Wang Y., Chen W., Zhang C., Li Z., Yu J., Wang M., Song C., Yan S., Lu J., Sun L. Antisense oligonucleotides targeting IRF4 alleviate psoriasis // Acta Pharmaceutica Sinica B. – 2025. – Vol. 15(7). – P. 3575-3590. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.apsb.2025.05.004.
58. Fang Y., Cai J., Fei F., Zhong T., Ren M., Wang D., Li Y., Zhang K. Targeting the skin: the study of a bottlebrush polymer–antisense oligonucleotide conjugate in a psoriasis mouse model // Small. – 2024. – Vol. 20. – Article No. e2403949. – DOI: https://doi.org/10.1002/smll.202403949
59. Greuter T., Biedermann L., Rogler G., Sauter B., Seibold F. Alicaforsen, an antisense inhibitor of ICAM-1, as treatment for chronic refractory pouchitis after proctocolectomy: a case series // United European Gastroenterol J. – 2016. – Vol. 4(1). – P. 97-104. – DOI: https://doi.org/10.1177/2050640615593681.
60. Wiendl M., Becker E., Müller T., Voskens C., Neurath M., Zundler S. Targeting Immune Cell Trafficking – Insights From Research Models and Implications for Future IBD Therapy // Front. Immunol. – 2021. – Vol. 12. – Article No. 656452. – DOI: https://doi.org/10.3389/fimmu.2021.656452.
61. Tran N., Nguyen L., Lim K., Phan A. Potent and selective knockdown of tyrosine kinase 2 by antisense oligonucleotides // ImmunoHorizons. – 2021. – Vol. 5(2). – P. 70-80. – DOI: https://doi.org/10.4049/immunohorizons.2000108.
62. Korkmaz E., Falo L. D. Spherical nucleic acids as emerging topical therapeutics: a focus on psoriasis // Journal of Investigative Dermatology. – 2020. – Vol. 140(2). – P. 278-281. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.jid.2019.07.683.
63. Marafini I., Monteleone G. Therapeutic Oligonucleotides for Patients with Inflammatory Bowel Diseases // Biologics. – 2020. – Vol. 14. – P. 47-51. – DOI: https://doi.org/10.2147/BTT.S257638.
64. Han H., Zhang G., Yang Y., Li C., Li X., Zhong L., Chen Z., Xiong J., Cai T., Zhang L., Zhang X., Zhao Q. Therapeutic potential of monomethyl fumarate and aluminum ion combination in alleviating inflammation and oxidative stress in psoriasis // Redox Biol. – 2025. – Vol. 79. – Article No. 103482. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.redox.2024.103482.
65. Yuan Y., Li L., Yang L., Zheng J., Gao G., Tan T., Liu J., Sun W. Single-cell RNA sequencing and in vitro validation reveal risankizumab induces anti-inflammatory macrophage polarization in psoria-

sis // Eur J Med Res. – 2025. – Vol. 30(1). – Article No. 1114. – DOI: https://doi.org/10.1186/s40001-025-03346-0.
66. Chamcheu J., Siddiqui I., Adhami V., Esnault S., Bharali D., Babatunde A., Adame S., Massey R., Wood G., Longley B., Mousa S., Mukhtar H. Chitosan-based nanoformulated (-)-epigallocatechin-3-gallate (EGCG) modulates human keratinocyte-induced responses and alleviates imiquimod-induced murine psoriasiform dermatitis // Int J Nanomedicine. – 2018. – Vol. 13. – P. 4189-4206. – DOI: https://doi.org/10.2147/IJN.S165966.
67. Madawi E., Al Jayoush A., Rawas-Qalaji M., Thu H., Khan S., Sohail M., Mahmood A., Hussain Z. Polymeric nanoparticles as tunable nanocarriers for targeted delivery of drugs to skin tissues for treatment of topical skin diseases // Pharmaceutics. – 2023. – Vol. 15(2). – Article No. 657. – DOI: https://doi.org/10.3390/pharmaceutics15020657.
68. Fazal T., Murtaza B. N., Shah M., Iqbal S., Rehman M. U., Jaber F., Dera A. A., Awwad N. S., Ibrahium H. Recent developments in natural biopolymer-based drug delivery systems // RSC Adv. – 2023. – Vol. 13(33). – P. 23087-23121. – DOI: https://doi.org/10.1039/d3ra03369d.
69. Collotta D., Bertocchi I., Chiapello E., Collino M. Antisense oligonucleotides: a novel frontier in pharmacological strategy // Frontiers in Pharmacology. – 2023. – Vol. 14. – Article No. 1304342. – DOI: https://doi.org/10.3389/fphar.2023.1304342.
70. Di Fusco D., Dinallo V., Marafini I., Figliuzzi M., Romano B., Monteleone G. Antisense oligonucleotide: basic concepts and therapeutic application in inflammatory bowel disease // Frontiers in Pharmacology. – 2019. – Vol. 10. – Article No. 305. – DOI: https://doi.org/10.3389/fphar.2019.00305.

References

1. Lin, S et al. (2025). Global and regional trends in psoriasis burden (1990-2021): age patterns and socio-demographic associations. BMC Public Health, 26, 108. DOI: https://doi.org/10.1186/s12889-025-25758-7
2. Armstrong, A., Blauvelt, A., Callis, D. et al. (2025). Psoriasis. Nature Reviews Disease Primers, 11, 45. DOI: https://doi.org/10.1038/s41572-025-00630-5
3. Bartosińska, J. et al. (2025). Epidemiology of Psoriasis in Poland: Prevalence, Incidence, and Mortality Rates. International Journal of Dermatology, 64, 1599-1606. DOI: https://doi.org/10.1111/ijd.17848
4. Parisi, R. et al. (2020). National, regional, and worldwide epidemiology of psoriasis: systematic analysis and modelling study. BMJ, 369, m1590. DOI: https://doi.org/10.1136/bmj.m1590
5. Hepat, A., Chakole, S., & Rannaware, A. (2023). Psychological well-being of adult psoriasis patients: a narrative review. Cureus, 15(4), e37702. DOI: https://doi.org/10.7759/cureus.37702
6. National Psoriasis Foundation. Available at: https://www.psoriasis.org/psoriasis-statistics/. Accessed December 21, 2023.
7. Takeshita, J. et al. (2015). Psoriasis in the US Medicare Population: Prevalence, Treatment, and Factors Associated with Biologic Use. Journal of Investigative Dermatology, 135, 2955–2963. DOI: https://doi.org/10.1038/jid.2015.296
8. Dairov, A. et al. (2024). Prevalence, incidence, gender, and age distribution, and economic burden of psoriasis worldwide and in Kazakhstan. Journal of Clinical Medicine of Kazakhstan, 21(2), 18-30. DOI: https://doi.org/10.23950/jcmk/14497
9. Kumar, P., Thomas, J., & Dineshkumar, D. (2015). Histology of psoriatic erythroderma in infants: analytical study of eight cases. Indian Journal of Dermatology, 60(2), 213. DOI: https://doi.org/10.4103/0019-5154.152575
10. Soo, M. et al. (2025). Psoriasis. Medicine, 53, 441-448. DOI: https://doi.org/10.1016/j.mpmed.2025.04.019
11. Sarac, G., Koca, T., & Baglan, T. (2016). A brief summary of clinical types of psoriasis. Northern Clinics of Istanbul, 3(1), 79-82. DOI: https://doi.org/10.14744/nci.2016.16023
12. Uitto, J., Saeidian, A. H., Youssefian, L., & Vahidnezhad, H. (2023). Interpretation of genomic sequence variants in heritable skin diseases: A primer for clinicians. J Am Acad Dermatol, 89(3), 569-576. DOI: https://doi.org/10.1016/j.jaad.2021.06.013
13. Gianfredi, V. et al. (2022). Epidemiology of psoriasis in Italy: burden, cost, comorbidities, and patients' satisfaction. Acta Biomedica, 93, e2022332. DOI: https://doi.org/10.23750/abm.v93i6.13177
14. Cao, L., Lu, L., Yu, Y., Zhou, H., & Lin, B. (2024). Clinical characteristics of patients with a family history of psoriasis. Frontiers in Medicine, 11, 1455953. DOI: https://doi.org/10.3389/fmed.2024.1455953
15. Griffiths, C. et al. (2021). Psoriasis. Lan-

cet, 397(10281), 1301-1315. DOI: https://doi.org/10.1016/S0140-6736(20)32549-6
16. Akiyama, M. (2020). Autoinflammatory keratinization diseases (AiKDs): expansion of disorders to be included. Frontiers in Immunology, 11, 280. DOI: https://doi.org/10.3389/fimmu.2020.00280
17. Yu, S. et al. (2025). Identification of mitophagy-related biomarkers with immune cell infiltration in psoriasis. BMC Medical Genomics, 18, 110. DOI: https://doi.org/10.1186/s12920-025-02176-7
18. Bellinato, F., Gisondi, P. , & Girolomoni, G. (2022). Risk of lymphohematologic malignancies in psoriasis. Journal of the American Academy of Dermatology, 86(1), 86-96. DOI: https://doi.org/10.1016/j.jaad.2021.07.050
19. Greenberg, R. et al. (2021). Comorbidities in patients with palmoplantar plaque psoriasis. Journal of the American Academy of Dermatology, 84(3), 639-643. DOI: https://doi.org/10.1016/j.jaad.2020.03.112
20. Lysen, T. et al. (2024). Real-world insights for psoriasis. Journal of Dermatological Treatment, 35, 2332615. DOI: https://doi.org/10.1080/09546634.2024.2332615
21. Florek, A., Wang, C., & Armstrong, A. (2018). Treatment preferences and treatment satisfaction among psoriasis patients: a systematic review. Archives of Dermatological Research, 310(4), 271-319. DOI: https://doi.org/10.1007/s00403-018-1808-x
22. Lee, H., & Kim, M. (2023). Challenges and Future Trends in the Treatment of Psoriasis. International Journal of Molecular Sciences, 24(17), 13313. DOI: https://doi.org/10.3390/ijms241713313
23. Gao, Y., Xu, T., Wang, Y., Hu, Y., Yin, S., Qin, Z., & Yu, H. (2025). Pathophysiology and Treatment of Psoriasis: From Clinical Practice to Basic Research. Pharmaceutics, 17(1), 56. DOI: https://doi.org/10.3390/pharmaceutics17010056
24. Laikova, K. et al. (2019). Advances in the Understanding of Skin Cancer. Molecules, 24(8), 1516. DOI: https://doi.org/10.3390/molecules24081516
25. Kamata, M., & Tada, Y. (2023). Crosstalk: keratinocytes and immune cells in psoriasis. Frontiers in Immunology, 14, 1286344. DOI: https://doi.org/10.3389/fimmu.2023.1286344
26. Bitschar, K. et al. (2017). Keratinocytes as sensors and central players in the immune defense. Journal of Dermatological Science, 87(3), 215-220. DOI: https://doi.org/10.1016/j.jdermsci.2017.06.003
27. Nguyen, A., & Soulika, A. (2019). The Dynamics of the Skin's Immune System. International Journal of Molecular Sciences, 20(8), 1811. DOI: https://doi.org/10.3390/ijms20081811
28. Kabashima, K. et al. (2019). The immunological anatomy of the skin. Nature Reviews Immunology, 19(1), 19–30. DOI: https://doi.org/10.1038/s41577-018-0084-5
29. Klicznik, M. et al. (2018). Taking the lead–how keratinocytes orchestrate skin T cell immunity. Immunology Letters, 200, 43-51. DOI: https://doi.org/10.1016/j.imlet.2018.06.009
30. Sieminska, I., Pieniawska, M., & Grzywa, T. (2024). The Immunology of Psoriasis. Clinical Reviews in Allergy & Immunology, 66(2), 164-191. DOI: https://doi.org/10.1007/s12016-024-08991-7
31. Georgescu, S. et al. (2019). Advances in Understanding the Immunological Pathways in Psoriasis. International Journal of Molecular Sciences, 20(3), 739. DOI: https://doi.org/10.3390/ijms20030739
32. Polese, B. et al. (2020). Innate lymphocytes in psoriasis. Frontiers in Immunology, 11, 242. DOI: https://doi.org/10.3389/FIMMU.2020.00242
33. Vecellio, M. et al. (2021). The IL-17/IL-23 axis and its genetic contribution. Frontiers in Immunology, 11, 596086. DOI: https://doi.org/10.3389/FIMMU.2020.596086
34. Wang, L. et al. (2025). Advances in Psoriasis Research. International Journal of Molecular Sciences, 26(18), 9233. DOI: https://doi.org/10.3390/ijms26189233
35. Mitra, A., Raychaudhuri, S., & Raychaudhuri, S. (2014). IL-17 and IL-17R. Actas Dermosifiliográficas, 105, 21-33. DOI: https://doi.org/10.1016/S0001-7310(14)70015-8
36. Lynde, C. et al. (2014). Interleukin 17A. Journal of the American Academy of Dermatology, 71(1), 141-150. DOI: https://doi.org/10.1016/J.JAAD.2013.12.036
37. Lowes, M., Suárez-Fariñas, M., & Krueger, J. (2014). Immunology of psoriasis. Annual Review of Immunology, 32, 227-255. DOI: https://doi.org/10.1146/ANNUREV-IMMUNOL-032713-120225
38. Jin, B. et al. (2022). Defect of IL17 signaling. Biomedicines, 10(8), 1976. DOI: https://doi.org/10.3390/biomedicines10081976
39. Kim, J. et al. (2025). Psoriasis harbors multiple pathogenic type 17 T-cell subsets. Journal of Aller-

gy and Clinical Immunology, 155(6), 1898-1912. DOI: https://doi.org/10.1016/J.JACI.2025.02.008
40. Teruo, S. et al. (2019). Anti-IL-17A and IL-23p19 antibodies. Journal of Dermatological Science, 95, 90-98. DOI: https://doi.org/10.1016/j.jdermsci.2019.07.006
41. Eberle, F. et al. (2016). Recent advances in understanding psoriasis. F1000Research, 5, 770. DOI: https://doi.org/10.12688/F1000RESEARCH.7927.1
42. Gaffen, S. et al. (2014). The IL-23–IL-17 immune axis. Nature Reviews Immunology, 14(9), 585-600. DOI: https://doi.org/10.1038/NRI3707
43. Mandour, M. et al. (2021). The role of the IL-23/IL-17 axis. Frontiers in Immunology, 12, 618581. DOI: https://doi.org/10.3389/FIMMU.2021.618581
